

**БАҚ қызметкерлері арасында Қазақстанның атом саласының дамуы  
тақырыбындағы ең үздік жарияланымдарға байқау өткізу туралы  
Ереже**

## **1. Қолданылуы**

Осы Ереже «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) БАҚ қызметкерлері арасында Қазақстанның атом саласының дамуы тақырыбында ең үздік жарияланымдарға байқау өткізу тәртібін белгілейді.

## **2. Қолдану аясы**

Осы Ереженің күші қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне және конкурсқа қатысушыларға қолданылады.

## **3. Жалпы ережелер**

3.1. Осы Ереже БАҚ қызметкерлері арасында Қазақстанның атом саласының дамуы тақырыбында ең үздік жарияланымдарға байқау (бұдан әрі – Байқау немесе Конкурс) өткізудің мақсат, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

3.2. Байқаудың құрылтайшылары: Қоғам мен «Атом өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - АӨҚСК).

3.3. Конкурсты дайындауды және өткізуді Қоғамның IR және PR департаментінің қызметкерлерінен тұратын Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

3.4. Қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі - Комиссия), оның құрамына Қоғамның қызметкерлері, АӨҚСК өкілдері (келісім бойынша) және шақырылған сарапшылар кіреді (келісім бойынша).

3.5. Конкурс туралы барлық ақпарат корпоративті басылымдарда және Қоғамның интернет-ресурсында ([www.kazatomprom.kz](http://www.kazatomprom.kz)), Қоғамның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырылады.

## **4. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

4.1. Байқаудың басты мақсаты:

✓ Қазақстан Республикасының атом саласын дамытудың өзекті мәселелеріне жұртшылық назарын аудару.

4.2. Байқаудың негізгі міндеттері:

✓ Мүдделі тараптар (БАҚ, инвесторлар, сарапшылар, серіктестер және т.б.) арасында Қоғамның және АӨҚСК-тың жағымды имиджін қалыптастыру және іскерлік беделін нығайту;

✓ Журналистердің/редакциялық ұжымдардың Қазақстанның атом саласындағы жетістіктерін БАҚ-та жариялау үшін шығармашылық және кәсіби жұмысын жандандыру арқылы халықтың ақпараттандырылу деңгейін арттыру. (ақпараттық-талдамалық, үгіт-насихаттық және публицистикалық материалдардың тақырыптары: отандық атом саласының қалыптасуы мен дамуы; Қоғамның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, соның ішінде әлеуметтік жобалар; өндірісте уран өндірудің инновациялық технологиялары мен экологиялық таза әдістерін қолдану; еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіпорындардың қызметін жетілдіру, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ғылыми-зерттеу жұмыстары; атом саласындағы жұмысшы кәсіптердің беделін арттыру және еңбек династияларын танымал ету; АӨҚСК және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қызметін көрсету, кәсіподақтар шешетін міндеттер мен проблемаларды ашу, үздік кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділерінің жұмысын қамту; саланың ардагерлері мен жас мамандарға қолдау көрсету және т.б.).

✓ Қазақстанның атом саласын дамыту мәселелерін объективті, жан-жақты және сапалы баяндайтын БАҚ өкілдерін анықтау және ынталандыру.

## 5. Байқау номинациялары

5.1. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік телевизиялық материал» (жаңалықтар, арнайы репортаж, деректі фильм, сұхбат);
- 2) «Үздік радиоматериал» (радио жаңалықтары, радиобағдарлама, сұхбат);
- 3) «Баспасөз басылымдарындағы үздік жарияланым» (газет пен журналдардағы мақала, очерк, аналитикалық шолу, репортаж, сұхбаттар);
- 4) «Интернет-БАҚ-тағы үздік жарияланым» (интернет-ресурстардағы мақала, очерк, аналитикалық шолу, репортаж, сұхбаттар);

5.2. Ұйымдастыру комитеті номинацияны өзгерту немесе қосу құқығын өзіне қалдырады.

## 6. Байқау шарттары

6.1. Байқаудың шарттарын Ұйымдастыру комитеті журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлайды. Байқауға қатысуға журналистер (штаттағы/штаттан тыс) мен қазақстандық және халықаралық БАҚ (Қазақстан Республикасында аккредитациядан өткен) редакциялық ұжымдар шақырылады.

6.2. Егер конкурстық материалдың қолтаңбасында лақап ат болса, онда бұл лақап аттың конкурсқа қатысушыға тиесілі екендігін растайтын БАҚ басшылығының қолы қойылған құжатты ұсыну қажет.

6.3. Байқауға 2020 жылдың 1 қаңтары мен 15 қарашасы аралығында баспа және электрондық БАҚ (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) эфирге шыққан және жарияланған материалдар қабылданады.

6.4. Ұсынылған жұмыстар жоғары кәсіби деңгейде орындалуы және мәлімделген тақырыпқа сәйкес болуы керек.

6.5. Қатысушы әр номинация бойынша 3-тен көп емес конкурстық жұмыс (өтінім) ұсына алады.

6.6. Байқауға қатысушы келесі құжаттарды ұсынуы керек:

- бекітілген формадағы байқауға қатысуға өтінім (осы Ережеге №1 қосымша);
- байқау жұмыстары:
  - баспасөз басылымдары үшін: шығу күні көрсетілген газеттің (журналдың) PDF форматындағы электрондық нұсқасы немесе материалдың сканерленген көшірмесі;
  - телеарналар мен радиостанциялар үшін: цифрлық форматтағы теледидарлық (радио) сюжеттің көшірмесі немесе интернет-ресурста немесе файлдарды бөлісу қызметінде орналастырылған материалға белсенді сілтеме, материалдың шыққан күні көрсетілген эфирлік анықтама;
  - Интернет-БАҚ үшін: интернет-ресурсқа белсенді сілтеме немесе сканерленген көшірмесі бар Word форматындағы материалдың электрондық нұсқасы.

6.7. Байқауға қатысуға өтінімдер [pr@kazatomprom.kz](mailto:pr@kazatomprom.kz) электронды поштасына немесе Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Е 10 көш., 17/12 үй мекен-жайы бойынша Қоғамның ІР және PR департаментіне жолданады.

6.8. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, рецензияланбайды және Ұйымдастыру комитетінде қалады.

6.9. Материалды жіберген қатысушы конкурстық жұмыстың авторлық құқығын сақтауға жауапты.

6.10. Ұйымдастыру комитеті авторлық құқық туралы заңға сәйкес материалдарды коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

- 6.11. Конкурса қатысуға материалдар жіберілмейді:
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келмейтін;
  - жарнамалық материалдар;
  - кез-келген жеке немесе заңды тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін;
  - шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты қамтитын;
  - бейнеде немесе дыбыста ақаулар бар;
- 6.12. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған жұмыстар осы Ереженің шарттарына сәйкес келмесе, оларды қабылдамауға құқылы.

## **7. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері**

- 7.1. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері (10 балдық шкала бойынша):
- конкурстық жұмыс мазмұнының байқау тақырыбына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
  - авторлық стиль, жаңашылдық, шығармашылық тәсілдеме, креативтілік және өзіндік ерекшелік;
  - ақпараттың өзектілігі, құзыреттілігі, сенімділігі, объективтілігі, дәлдігі;
  - жұмыстың мазмұнының тереңдігі (ашылу толықтығы);
  - жалпы эстетикалық және эмоционалды қабылдау, мазмұндаманың қол жетімділігі.
- 7.2. Комиссия конкурстық жұмыстар бойынша қабылданған шешімдерін және себептерін түсіндіруге құқылы.
- 7.3. Байқаудың жеңімпаздары туралы Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы, отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

## **8. Байқаудың өту мерзімі, жеңімпаздарды іріктеу және марапаттау**

- 8.1. Өтінімдер 2020 жылдың 1 қазанынан 15 қарашасына дейін қабылданады.
- 8.2. Конкурстық жұмыстарды іріктеу және байқаудың қорытындыларын шығару 2020 жылдың 1 желтоқсанына дейін өткізіледі.
- 8.3. Конкурс жеңімпаздарын марапаттаудың салтанатты рәсімі 2020 жылдың 10 және 31 желтоқсан аралығында өтеді.
- 8.4. Байқаудың қорытындысы бойынша әр номинация бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады (1,2,3 орын), олар ақшалай сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады.
- 8.5. Байқаудың жүлде қоры 4 800 000 теңгені құрайды, әр номинация бойынша ақшалай сыйлықтар келесідей бөлінеді:
- 1 орын – 500 000 теңге;
  - 2 орын – 400 000 теңге;
  - 3 орын – 300 000 теңге.
- 8.6. Ұйымдастыру комитеті жеке номинациялар мен орындар үшін сыйлықтар бермеуге, сондай-ақ сыйлық қорын номинациялар арасында қайта бөлуге құқылы.
- 8.7. Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша байқаудың өткізілу уақытына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **9. Қорытынды ережелер**

- 9.1. Осы Ереже Қоғамның экономика және қаржы жөніндегі бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.2. Осы Ережеге өзгерістер Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің немесе Қоғам мен АӨҚСК басшылығының ұсынысы бойынша енгізіледі.

**БАҚ арасында Қазақстанның атом саласының дамуы тақырыбындағы ең үздік жарияланымдар байқауына қатысуға өтінім**

<b>Қатысушының аты-жөні</b>	
<b>БАҚ атауы</b>	
<b>Жұмыс орны, қызметі</b>	
<b>Қатысушының байланыс деректері (Телефон, электрондық пошта)</b>	
<b>Номинация</b>	
<b>Байқау жұмысының атауы</b>	
<b>Жарияланған немесе эфирге шыққан күні</b>	
<b>Тіркелген материалдарға сілтеме</b>	

**Байқауға қатысу шарттарымен келісемін:**

\_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ )  
қолтаңба Т.А.Ә.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ жыл